

ӘОЖ 070

О.Ж. Ошанова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: kulpnai@mail.ru

Жаһандану үдерісіндегі ұлт келбеті жайлы қазақ публицистерінің ой-толғамдары

Аңдатпа. Автор бұл мақалада қазақ руханиятына үлес қосқан, танымал публицистер К. Смайылов пен А.Сейдімбектің шығармашылығы және қайраткерліктері туралы жан-жақты сөз ете келіп, олардың жаһандану үдерісінде қазақтың ұлттық келбетін сақтап қалу туралы ой-пікірлерін сараптаған. Жаһандану ғасырында ұлттық келбетіміз бен рухани өзегімізді жоғалтпау керек деген берік ұстанымды ту еткен қаламгерлердің мұрасынан жас ұрпақ үлгі-өнеге алу керек деген ой түйінделген. **Түйін сөздер:** көсемсөз, жаһандану, публицист, постмодернизм, интеграция, қолтаңба.

Қазіргі күнде еліміздің ұлттық рухтан тамыр тартқан рухани өзегін, озық салт-дәстүрдің жасампаздығын сақтап, болашақ ұрпаққа аманат ету – бүгінгі рухани көсемдердің, зиялылардың, қала берді барлық қазақтың еншісіндегі, жауапкершілігіндегі дүние десек артық айтқандық болмас. Ал бұл бүгінгідей жаһандану заманында орындалуы машақатқа толы әрі салмағы батпандай жұмыс болып тұр. Аталған мәселе ұлттың бүгінгі мен болашағы туралы қабырғасы қайыса ой азабын кешкен қазақ публицистерінің де көз қырына ілігіп, олардың өзіндік тұжырымдар жасауына түрткі болған.

Ең алдымен, публицистика тарихында өзіндік қолтаңба қалдырған ғалым-публицист **Ақселеу Сейдімбектің** жаһандану мәселесіне қатысты ой-пікірлеріне талдау жасап көрелік.

Ғалым-публицист қазақтардың өзінің ежелден қалыптасқан салт-дәстүрі, мәдениеті, рухани мол мұрасы бола тұра, өзге елдердің материалдық және рухани игіліктерін бойына сіңіруге құштар болып бара жатқанына жаны ашып, Еуропаның мәдениетін көзсіз сіңіріп жатқан көзсіздікке бас шайқайды. Елімізде белең алған осынау ағымға былайша анықтама береді: *«Постмодернизм – бүгінгі күннің мәдениетіне сай философияландану үлгісін бейнелейтін, мазмұндық-аксиологиялық тұрғыда әрі классикалық, әрі классикалық емес дәстүрден дараланып көрінетін, сөйтіп, өзін ең*

жаңашыл деп санайтын, яғни жаңадан да жаңа философия». Ал қоғам қасіретіне айналған осынау келеңсіздікті былайша сипаттайды: *«Постмодернистер үшін домбыра мен қобызда регги тартудың, бетіне пәрәнжі салып отырып, «Мальборо» темекісін тартудың, француз әтірін сеуіп алып, әжетхана тазалаудың, жайнамаздан тұрысымен мұз салған вискимен таңдай жібітудің мүлде әбестігі жоқ».*

Рухани тамыры тереңнен тамыр тартқан қазақтың өзінің имандылықты, ибалылықты ту еткен дәстүрінен жерініп, өзінің асылын бағаламай, біреудің қаңсығын таңсық көруін ұлттың өзінің тарихын, мәдениетін білмеуінен және бірнеше жылдар бойы сананың құлдықта болуынан деп түсіндіреді.

Публицист өз еңбектерінде «русоформациялану» мәселесіне де тоқталады. Русоформацияланудың қарапайым түсініктемесі орыстану немесе басқа ұлттың кейпіне ену, көшірме болу деген сөз. Бұл мәселенің өзегі орта білім беру ошақтарында жатқанын айта келіп, журналист *«Қазақстандағы аралас мектептердің (қазақ-орыс) әлі күнге дейін өмір сүруі – білім беру саласындағы қылмыс»* деген батыл пікір айтады.

Ал дамыған елдердің озық дәстүрлерінен үлгі алып, оны өзіміздің ұлттық ерекшелігімізді ескере отырып, бойымызға сіңіру дұрыс болар еді деген ойын былайша тұжырымдайды: «Әрине,

жақсыға еліктеп, өміршеңді өнеге тұтып, соны өз табиғатына жерсіндіру үшін де білім мен білік керек. Онсыз еліктеу дегеніміз өзінен-өзі қайталау болып шығады. Жалаң қайталаудың ешуақытта хас өнермен үш қайнаса сорпасы қосылмайтыны аян».

Бүгінгі күні ұлтымыздың рухани іргесін шайқап, бірлігімізге іріткі салар факторлардың ең бастысы – қоғамымызда өздерінің солақай идеологиясын жүргізіп жатқан, жүгенсіз кеткен діни ағымдар болып отыр.

Қоғамымызда ата-бабаларымыздың діни наным-түсінігіне күмән келтіріп, мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі жат елдердің әдет-ғұрпын тану әдеті белең алып кетті. Осы орайда Ақселеу Сейдімбек ағамыздың шыншыл да қисынды пікірлерін алға ұстансақ адаспаспыз деп ойлаймыз.

Мәселен, зерттеуші дінге былайша анықтама береді: «Діни наным-сенім адамзат баласының жазмыштық тағдыры, ұзына тарихындағы және ақырына дейінгі тірек етер серігі».

Ұлтымыздың сан ғасырлар бойы рухани тірегіне айналған діни наным-сеніміне былайша баға береді: «Қазақтың жазмыштық тағдыры, яғни трансцендентті таным-түсінігі тәңірлік дін мен ислам дінінің жарасымынан (симбиоз) тұрады. Қазақ арасындағы ислам – қазақтық өмір салтпен тіл табысқан, қазақы ортаны жерсінген (адаптированный) – ислам. Мұндай әдіске тосаңси немесе шошына қарауға еш қисыны жоқ».

Ғалымның бүгінгі күнде қарқынды түрде насихатталып жүрген діни фанатизмнің зияндылығы туралы пікірі де назар аударарлық: «Әлемдік дін атаулының бәрі де өзінің тараған ортасында жергілікті салт-дәстүрмен санаса отырып орныққан. Оның мысалы мың сан. Мұсылман қазақтар бұл ақиқатты бұлтақсыз мойындауы керек. Егер «таза ислам» дегенді желеу етіп, ислам фундаментализмінің немесе Сауд Арабиясының діни салт-дәстүрін қазаққа зорлап таңғысы келетін қызылкөздер (фанатиктер) болса, олардың мұндай ұстанымының қазақ ұлты үшін зияны коммунистік идеологиядан бір де кем болмайтынын мықтап ескерген абзал».

Өзге жұрттың діни сенімін көзсіз көшіріп алудың соңы жақсылыққа апармайтынын зерттеуші дәлелді дәйектермен түсіндіріп береді: «Бір сәт салыстырмалы мысалға ден қойып

көрейікші. Егер қазақтар Сауд Арабиясының діни салт-дәстүрін айнытпай ұстанар болса, қымыз ішпеуі керек, қазы-қарта жемеуі керек, дастарқанды, босағаны, ошақты, шаңырақты кие тұтпауы керек, ата-баба рухына құрмет көрсетпеуі керек; өлі аруақтардың (Мұхаммед з.с.да өлі аруақ екеніне қарамастан) рухын кие тұтпауы керек; көшпелі өмір салттағы қазақтардың барша тіршілігіне бағдаршам болған күнге, айға, жұлдызға тауап етпеуі керек; молалық сәулет өнерінің үш мың жылдық дәстүрін ұмытып, өлген адамға бейіт салмауы керек; туған жерді кие тұтып, бір шөкім топырағын түйген тұмарды мойныға салмауы керек; бойжеткен арулар мен келіншектер беттеріне пәрәнжі салу керек; әйел адам өз күйеуінен басқа сырт адамға жүзін көрсетпей, өмір бойы қымтанып өтуі керек; қазақтың жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүрін тәрк етіп, бір емшек ембеген ағалы-қарындастылар болса, қымсынбастан үйлене беруі керек; ең соңында, «Иман» газеті жазғандай, мешітке үш шақырым жақындағанда қазақ тілінде сөйлегенді доғару керек және тағы басқалар.

Осынау салт-дәстүрлер белгілі дәрежеде қазақты этнос ретінде даралап көрсететін мәнге ие. Демек, «таза ислам» идеясын жалаулатып жүргендер иісі қазақтың болмыс-бітіміне қандай зиянды таңдауды көлденең тартатынын пайымдай білгені абзал. Әрі беріден соң, наным-сенімді өзгертуге де болар, алайда ұлтыңды өзгерте алармысың? Ниет етсе, мұсылман болу әркімнің қолынан келер, ал қазақ болу тек қана қазақтың қолынан келетініне шәк келтіруге бола ма?».

Ақселеу Сейдімбек ағамыз ұлтың үшін жанын сала еңбек етудің үлгісіне: «Ел мүддесіне бағытталған істің кез келгені ыстық жүрекпен, қалтқысыз көңілмен атқарылуы шарт», – деген талап қояды.

«Қазақ болып туғаннан соң, қарағым, Қазақ болып өлген жақсы түбінде», – деген ұстанымды берік ұстанған публицист осылайша ой толғап, қоғамға өнегелі сөз айтады.

«Кез келген ұлттың ұлт ретінде іштей ұйысуы немесе іштей ыдырап үруі мәңгі тоқтаусыз жүріп жататын процесс. Бұл ретте, адам қоғамындағы этножасақтаушы, яғни этнокіріктіруші немесе этноұйымдастырушы тетіктерді тап басып, біліктілікпен әрекет етіп отыру кез келген ұлттық мемлекеттің басты

кепілі» – дей келіп, жаһандану ғасырында ұлттық келбетіміз бен рухани өзегімізді жоғалтпау керек деген берік ұстанымды ту етіп ұстау қажет дейді.

Қазақ журналистикасының ХХ ғасырдағы шынайы бет-бейнесін сомдар болсаңыз, өткен ғасырдағы зіл батпан салмақты арқалаған рухани қайраткерлердің қатарынан, журналистикада өзіндік қолтаңба қалдырған бірегей таланттар шоғырынан **Камал Смайылов** есімін кездестіресіз.

Камал Смайылов ағамыздың көзі тірісінде қоғам өміріндегі қайшылықты мәселелерге қатысты айтқан ойларын көңіл көзінен өткізе отырып, бүгінгі межеге салып салмақтар болсаңыз, олардың мәні мен мазмұнының қазіргі таңда да өз өзектілігін жоймағанына көз жеткізесіз.

«Әлемдік интеграция, глобализация кезінде қазақ өзін қалай ұстауы керек?» деген сауалға: «Бұл өмірдің бізге алып келген үлкен ағымы, толқыны. Бұл адамзат дамуының жаңа сатысы, бұған қарсы шығып, мүлдем тоқтату мүмкін емес. Кейде бұл аз ұлттарды, әлсіз мәдениеттерді жойып жіберуі мүмкін. Бірақ соған қарамастан, ұлтымызды, тілімізді, әдет-ғұрпымызды сақтай отырып, жаңа заман ағымына қосылуымыз керек. Ол үшін бізде соның бәрінің басын қосатындай өндіріс, еңбек, білім, рух болуы тиіс» деген тұжырым айтады.

Шынында да біз бүгінде шекарамызды қымтап тастап, барлық мемлекеттерден оқшау өмір сүре алмаймыз. Сондықтан да публицист айтып отырғандай ұлттық келбетімізге көлеңке түсірмей жаңа заман талабына сай өмір сүруіміз қажет.

«ХХІ ғасырдың қазағы қандай болуы тиіс?» деген сұраққа «ХХІ ғасыр қазағы ұлтын сүйетін, әлемдік деңгейде білімі бар, рухы биік тұлға болуға міндетті» – деп жауап берген.

Ел мүддесіне адалдықпен қызмет етуді ойлаған азамат өз ұлтының өткені жайлы да ет жүрегі елжірей отырып қалам тербеп, тарихтың сабақ алар тұстарын санамалап көрсетіп, халықтың жадынан өшірмеу бағытында да өнімді еңбек етуі керек деген ойды Камал Смайылов ағамыздың «ХХ ғасыр қазаққа не әкелді?» деген мақаласын оқи отырып жадымызға түйгендей болдық.

Публицист ХХ ғасырдың драмалық көрінісі деп даладан, ауылдан қоныс аударған қазаққа қалада жұмыс пен пәтердің берілмеу саясаты деп

көрсете келіп, бұл жайлы былайша ой түйеді: «*өндіріс ошақтарын сырттан келген адамдар салды да, сонда тұрақтап қалды. Құрылысшы, жұмысшыға айналып, өз астанасының өзінде орын тимей, азшылық болып қалған қазақ, сол қаптаған қалалардың төріне еркін шыға алмай, босағасында отырып қалып жүрді*».

Өткен ғасырдың бізге тартқан тағы бір «сыйы» жайлы журналист былайша ой толғайды: «*Заманымыздың екі ұлы оқиғасы – космосты игеру мен тыңды көтеру Қазақстан еншісіне тиді, Қазақстан жерінде болды деп мақтандық, масаттандық. Бірақ Қазақстан жері дедік, «қазақ жері, қазақ елі» дей алмадық*».

Ал Семей даласындағы ядролық полигон жайлы публицист былайша тұжырым жасайды: «*Екі ғана бомбаның зардабын көрген, осы уақытқа дейін қасіреттен арылмаған жапондықтардан басқа атом алапатының отына, өртіне әбден шарпылған осы әлемдегі жалғыз халық қазақтар ғана... Бүкіл адамзатты қорғау үшін құрбан боп шалынған қазақ халқы. Бұл да ХХ ғасырдың қазақтарға тартқан сыбағасы*».

«Осы заманғы техникасы бар қорғаныс зауыттарында қазақ кадрлары болған жоқ. Бұл саясатта да қазақтардың сондай жауапты күрделі салаларда істеуге қабілет білімдері жете ме деген күдік әрі осындай елдің тағдыры үшін маңызы бар аса құпия істерді тапсыруға деген сенімсіздік байқалған. Кемсітушілік осы салада айқын көрінді. Дүниежүзілік мәні, маңызы бар әлемдік деңгейге шығуда талап қажет ететін жұмыстарда өзінің дарынын көрсететін, дербес әрекет жасай алатын шешуші салаларда қазақтар аз болды. Оның орнына ұлттық кәсіп, психологиясына жақын деп, қазақ жастарын өне бойы шопан болып, қой бағуға, сауынышы болып, сиыр саууға шақырумен болған. Талай дарынды жастар сондай жұмыстарға кеткен.

Шамалап есептегенде, 50-60-шы жылдар аралығында Қазақстанның халқы 1939 жылға қарағанда 5 миллион адамға көбейді. 1959 жылы 10 миллионға жетті. Бірақ мұның қазақтар үшін қуанышы болмады. Қазақтар үлесі 58,7 пайыздан 29,8-ге дейін кеміді. Сөйтіп, Республикаға атын берген, осы жердің түпкілікті иесі, қазақ ұлты аз халыққа айналып, үштен біріне (2,9 млн) жетпей қалды. Бұл тек демографиялық ұғым ғана болмады. Саяси мән берілді бұған. «Егер қазақтар бар халықтың үштен бірі

ғана болса, онда ол халық осындағы байлық игіліктердің де үштен біріне ғана ие болуы, қол созуы тиіс. Одан көпке қақысы жоқ» деген ұран шықты. Оның қосқан үлесі үштен бірі болса, сіңірген еңбегіне, атқарған жұмысына қарай әлеуметтік үлес сыбағасын да сонша алатын болсын. Содан өрбіп «саяси басшы кадрлар, студенттер мен ғалымдар құрамында да қазақтар үштің бірінен аспауға тиіс» деген шарт, талап, міндет қойылды».

Ұлт тарихындағы осынау әділетсіздіктерді оқи келе әрі сана талқысынан өткізе отырып, «Тәуелсіздік алмағанда қазақтың тағдыры не болар еді?», «Құдай өзі қолдаған екен!» демеске шараң қалмайды екен.

«Соншама қазына байлықтың иесі қазақ елі соның не екенін, қайда кетіп жатқанын көрген де, білген де жоқ. Тазарған күмісі мен мысы, алтыны мен қалайысы басқа жаққа кетті де, шаңы мен түтіні бізде қалып жатты. Сол қазынаның елге бергенін басқалардан жасырмағаны (негізінен, соны өндірген де, игерген де сол өздері болды ғой), сонда дұрыс болған шығар-ау. Орталық министрліктер қазына қарымына біраз қаржы бөлетін, қайтарымынан көргені сол болатын. Бар зардап зиянын жер мен ел көрді ғой. Егер өз қажеті үшін ғана алса, соншама жер қопарылып, астаң-кестең болар ма еді? Қазір Қазақстанда алты миллиард тон-

на қоқыс қалдықтар жатыр. Бұрынғы табиғи қазақ даласының түр мен тұрпатын өзгерткен, көлін шөлге, топырағын құмға айналдырған осы ғасыр».

Камал ағамыз жаны шырқырай қазақтың жоғын жоқтап, шындықтың бетін ашқанымен, зардабы жергілікті халық үшін зіл батпан мәселелердің шешімі бүгінгі күнде табылды ма, әлде «баяғы жартас бір жартас» күйінде қалып отыр ма деген сауал тіл ұшына орала береді.

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі ел еңсесін көтерудің қарапайым қағидасын былайша көрсетеді: «*Кеудесін соққан пысықтар өмірдің тіршіліктен, тіршіліктің тұрмыстан, тұрмыстың экономикадан, шаруашылықтан басталатынын ұмытады, ұмытады емес білмейді, білмейді емес, түсінбейді. Кеуде ұрып, ұран салғанға шебер. Тәуелсіздік үшін шаруашылық істеу керек*». Осы айтылған пікірді оқығанда осы қағиданы қоғам мүшелері бүгінде ұмытпай, жадымызда ұстасақ ұтар едік ау деген ой көңілді мазалағандай болды.

Өз ұлтының өткені мен бүгінгі жайлы ет жүрегі елжірей отырып қалам тербеп, жаһандану ғасырында ұлттық келбетіміз бен рухани өзегімізді жоғалтпау керек деген берік ұстанымды ту етіп ұстау қажет деп азаматтық сөз айтқан ағаларымыздың шығармашылық өмірі бүгінгі ұрпаққа үлгі болып қалуы тиіс.

О.Ж. Ошанова

Национальный вопрос и глобализация глазами казахских публицистов

В статье автор рассказывает о творческой жизни писателя-публициста, ученого, государственного и общественного деятеля и профессионального организатора казахского кино и телевидения Камала Смаилова и публициста Акселеу Сейдимбека.

Автор анализирует особенности творческого вклада писателей-публицистов в казахскую журналистику и их роль в развитии национальной культуры. В заключение статьи автор делает вывод о том, что Камал Смаилов и Акселеу Сейдимбек всегда поднимали злободневные вопросы и ставили национальный интерес во главу творчества, что делает их примером для нового поколения.

Ключевые слова: публицистика, глобализация, публицист, постмодернизм, интеграция, автограф.

O. Oshanova

The national question and globalization through the eyes of Kazakh journalists

In this article the author talks about the creative life of the writer, essayist, statesman and public figure and organizer of the Kazakh film and television Kamal Smailov and about essayist Akseley Seydimbek.

The author analyzes the characteristics of the creative contribution of the writers and publicists in the Kazakh journalism and its role in the development of Kazakh culture. At the end of making conclusions about what they always raising urgent questions of society and always put national interest above. They are the example for imitation for the new generation.

Keywords: journalism, globalization, publicist, postmodernism, integration, autograph.